

Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2014 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 179 қаулысы

«Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 590 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2014 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Іс-шаралар жоспарының орындалуын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2015 № 55 қаулысымен.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) бірінші басшылары, Іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және жыл сайын 15 қаңтарға және 15 шілдеге қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне оның орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2015 № 55 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі жыл сайын 25 қаңтарға және 25 шілдеге қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2015 № 55 қаулысымен.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә. Сағынтаевқа жүктелсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.02.2015 № 55 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 179 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2014 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.02.2015 № 55 қаулысымен.

Р/с №	Іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауаптылар	Орындау (іске асыру) мерзімі
1	2	3	4	5
Қажетті нормативтік құқықтық				
1	<p>М ы н а л а р д ы : нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу қағидаттарын одан әрі енгізу негізінде бюджеттік бағдарлама мен бюджеттік өтінімді қалыптастыруды; бюджет қаражатын бөлінген қаражаттың озық игерілуін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарламалар пайдасына бюджеттік бағдарламалар арасында қайта б ө л у д і ; бюджетті атқару шеңберінде мемлекеттік органдардың есептелігіне қойылатын тәсілді өзгертуді ; кредит беру және бюджеттік кредиттерді өтеу рәсімдерін жетілдіруді; мемлекеттік бюджетте жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша әлеуметтік әріптестік шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы компаниялардан өңірлер әкімдерінің билік етуіне түсетін қаражаттың, мүліктің есепке алынуын; Ұлттық қордан нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын жобалар мониторингі мен аудитін енгізуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Парламент Мәжілісінің қарауына енгізу</p>	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Э Б Ж М , Қаржымині, ӨДМ, облыстардың, Астана және А л м а т ы қалаларының әкімдері	2014 жылғы наурыз
2	<p>Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырудан болатын экономикалық және әлеуметтік қайтарымдылықтың ұзақ мерзімді көрсеткіштерін есепке алу тетіктерін енгізуді көздейтін Инвестициялық ұсыныстың қажетті сараптамаларын әзірлеу және түзету, жүргізу және бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, іске асыру және іріктеу қағидаларын әзірлеу</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Э Б Ж М , Қаржымині, ӨДМ	2014 жылғы мамыр
Макроэкономикалық тұрақтылықты және мемлекеттік бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету				
3		Ө Э Д Б , Республикалық бюджет туралы	ҰЭМ, Қаржымині	тамыз (жыл сайын)

	2020 жылға қарай республикалық бюджет тапшылығын ЖІӨ-ге шаққанда 1,4 %-ға дейін төмендету жөніндегі шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы		
Бюджет шығыстарын әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырландыру				
4	Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы және инвестициялық шығыстары бойынша қалыптасқан базаға түгендеу жүргізу және «тиімсіз» шығыстарды қысқарту бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ЭБЖМ, Қаржымині, ББӨ	2014 жылдың 1-ші жартыжылдығы
Бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру және «бюджеттік масылдықты» қысқарту				
5	Мемлекеттік қызметшілердің еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині, МҚІСҚА, ДСӘДМ	2014 жылдың 2-ші жартыжылдығы
6	Көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тізбесін дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині	2014 жылғы қараша
7	Бюджеттік кредиттер қаражатының пайдаланылуын және оларды өтеу жөніндегі міндеттемелердің уақтылы орындалуын мониторингілеу және бақылау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині, ЖАО, ББӨ	сәуір (жыл сайын)
8	Көрсетілетін қызметтерді өндірушілерді субсидиялаудан азаматтардың жекелеген санаттарына атаулы қолдау көрсетуге ауысу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, ИДМ, ДСӘДМ, Қаржымині	2014 жылғы желтоқсан
9	Бюджет секторындағы энергия тиімділігін арттыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ, ЭБЖМ	2014 жылғы маусым
10	М ы н а л а р : құрылыс саласын реттеу жүйесін қайта қарау; құрылыста баға белгілеуді (құрылыс нормалары мен қағидаларын, құрылыста басшылыққа алынатын құжаттар мен басқаларын) қайта қарау; құрылыс сараптамасы, техникалық және авторлық қадағалауларға төлемдерді жоба құнына байланыстыруды алып тастау және тіркелген төлемақыға көшу; тәуелсіз құрылыс сараптамасы институтын (аккредиттеу) енгізу мәселесін пысықтау; нақты өлшемдердің негізінде субъективті себептерге байланысты бағаны көтергені үшін тапсырыс берушілердің, жобалаушылардың, орындаушылардың (мердігерлердің) жауапкерлігін күшейту; мемлекеттік сатып алу кезінде демпингке жол бермеу арқылы Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге оларды іске асырудың барлық сатыларында жобалардың құнын көтеруге ынталандыруды болдырмауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ӨДМ, ЭБЖМ, Қаржымині	2014 жылғы маусым
11	Үлгі жобалардың құнын оңтайландыру тұрғысынан оларды ревизиялау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ӨДМ, ББӨ	2014 жылғы мамыр

12	Квазимемлекеттік сектор мен бюджеттік инвестициялардың инвестициялық саясатының келісімділігін қамтамасыз ету; бюджеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор инвестицияларының бірыңғай салалық инвестициялық картасын қалыптастыру; квазимемлекеттік сектор субъектілерінің инвестициялары үшін түйінді тиімділік көрсеткіштерін (Key Performance Indicators) айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ЭБЖМ, ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	2014 жылғы шілде
13	М ы н а л а р д ы : МЖӨ міндеттемелерінің жалпы сомасының лимитін; кірістер көлеміне шаққанда концессиялық міндеттемелерге қызмет көрсетуге жұмсалған жыл сайынғы шығыстар лимитін; концессиялық міндеттемелерді ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың жалпы борышының л и м и т і н ; мемлекеттік кірістер көлеміне шаққанда жаңа міндеттемелер лимитін қамтитын концессиялық міндеттемелер бойынша шектеулер белгілеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2014 жылғы қараша
14	МЖӨ шарттары бойынша барлық мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді бірыңғай есепке алу және мониторингілеу жүйесін құруды пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині	2014 жылғы қараша
15	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша әлеуметтік әріптестік шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы компаниялардан өңірлер әкімдерінің билік етуіне түскен қаражат пен мүлік туралы 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақпаратты дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2015 жылғы наурыз
16	Бюджеттің кірістері мен шығыстарының есебін есепке жазу әдісіне көшу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Қаржымині, ҰЭМ	2014 жылғы IV тоқсан
Салық жүйесінің экономикалық қайтарымдылығын арттыру				
17	Жеке табыс салығын арттыру мәселесін қарау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Э Б Ж М , Қаржымині	2014 жылғы сәуір
18	2015 жылдан бастап салықтық жеңілдіктерді оңтайландыруды (тиімсіз салықтық жеңілдіктерді жою) көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ҰЭМ, Қаржымині	2014 жылғы қыркүйек
Мемлекеттік борышты және квазимемлекеттік сектордың борышын қауіпсіз деңгейде ұстау				
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 234 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдамаға:			

19	<p>2020 жылға қарай: мемлекеттік борышты ЖІӨ-ге шаққанда 13,9 %-дан артық емес; Үкімет борышын ЖІӨ-ге шаққанда 13,7 %-дан артық емес; мемлекеттік борыш пен квазимемлекеттік сектор борышын жиынтығында ЖІӨ-ге шаққанда 22 %-дан артық емес шектеуді; квазимемлекеттік сектор субъектілерінің белгілі бір сомадан астам сыртқы қарыз тартуын Үкіметпен келісуді; квазимемлекеттік сектордың борышын басқару және оның мониторингі жөніндегі функцияларын мемлекеттік органдарға бекітуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу</p>	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	2014 жылғы тамыз
20	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің белгілі бір сомадан астам сыртқы қарыздар тартуын Үкіметпен міндетті түрде келісу тетігін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ЭБЖМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	2014 жылғы мамыр
20-1	Ұйымдардың белгілі бір сомадан астам сыртқы қарыздарды тартуын, оның ішінде борыштық бағалы қағаздар шығару жолымен тартуын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен міндетті түрде келісуді және оның рұқсатын алуды көздейтін норма белгілеу жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	2015 жылғы мамыр
20-2	Тізбесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін, мемлекет бақылайтын ұйымдарға сыртқы қарыз алуға, оның ішінде борыштық бағалы қағаздар шығару жолымен алуға тыйым салуды енгізу мүмкіндігіне қатысты мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	2015 жылғы мамыр
20-3	Мүдделі мемлекеттік органдар арасында жекелеген субъектілер бөлінісінде квазимемлекеттік сектордың борышы туралы ақпарат алмасу тетігін әзірлеу	ҰЭМ-не ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	2015 жылғы мамыр
20-4	Мемлекет бақылайтын ұйымдардың сыртқы борышына мониторингті жүзеге асыру жүргізу мақсатында олардың тізбесін қалыптастыру	ресми сайтқа орналастыру	Қаржымині	жарты-жылдық негізінде

20-5	Мемлекет бақылайтын ұйымдардың және жекеше сектордың сыртқы борышының жай-күйін мониторингтеу және бағалау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ, Қаржымині	тоқсан сайын
20-6	Борыштың жай-күйін егжей-тегжейлі талдауды, оның ішінде ықтимал қауіптер мен дағдарысты жағдайлардың басталуын қоса алғанда борыштың жай-күйін, мониторингтеу және бағалау	ҰЭМ-ге ақпарат	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	тоқсан сайын
20-7	Мемлекет қатысатын ұйымдардың борышын реттеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың орындалуын қамтамасыз ету	ҰЭМ-ге ақпарат	Иелену және/немесе басқару құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, ЖАО	жыл сайын
20-8	Ұйымдардың борышын және қаржылық орнықтылығын басқару саясатын бекіту	Директорлар кеңесінің шешімі	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	2015 жылғы мамыр
21	МБҚ орналастыру бойынша қайталама аукциондар өткізу, МБҚ айналымға шығаруды ірілендіру және МБҚ шығару санын қысқарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	жартыжылдықтың қорытындысы бойынша (жыл сайын)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын тиімді пайдалану

22	<p>М ы н а л а р д ы :</p> <p>Ұлттық қордағы қаражаттың төмендемейтін қалдығының мөлшерін ЖІӨ-нің 20 %-дан 30 %-ға дейін ұлғайтуды ;</p> <p>Ұлттық қор қаражатын 2020 жылға қарай 180,0 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайтуды (ЖІӨ-ге шаққанда 3 2 %) ;</p> <p>Ұлттық қор қаражатын акциялар пакеттерін, қазақстандық компаниялардың қатысу үлестерін сатып алуға, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерді қорландыруға пайдалануға тыйым салуды;</p> <p>жобаларды айқын және қатаң іріктеу өлшемдері негізінде Ұлттық қордан қаржыландыруды; стратегиялық маңызы бар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға арналған нысаналы трансферттерді қаржыландырудың баламалы көздері болмаған жағдайда, оларды Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ғана бөлуді көздейтін Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 962 Жарлығымен бекітілген Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу</p>	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	Э Б Ж М , Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша)	2014 жылғы сәуір

23	2015 – 2017 жылдары Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшерін 1 380,0 млрд. теңгеге дейін ұлғайту мәселесін қарау	Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес отырысына ұсыныс	ЭБЖМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша)	2014 жылғы шілде
24	2015 – 2016 жылдары Астана – Алматы, Астана – Өскемен автожолдарын, «Жезқазған – Бейнеу» темір жолын, ЭКСПО-2017 объектілерін салуды қаржыландыру үшін Ұлттық қордан нысаналы трансферттер тарту мәселесін қарау	Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес отырысына ұсыныс	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылғы шілде
25	Өтелетін стратегиялық жобаларды іске асыруға Ұлттық қордан облигациялық қарыздар бөлу мүмкіндігін зерделеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰБ (келісім бойынша), ЭБЖМ, Қаржымині	2014 жылғы наурыз
26	2020 жылдан кейін кепілдендірілген трансферт түрінде тиісті жылдың басында жинақталған активтердің 4 %-ы көлемінде пайдаланылуын көздейтін Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша)	2019 жылғы қазан
Фискалдық орталықсыздандыру				
27	2017 жылдан бастап жергілікті бюджет шығыстарының базасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен жыл сайын қаражат бөлінетін жылу беру маусымын өткізуге арналған шығындарды енгізу мәселесін қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині, Энергетикамині, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2015 жылдың 1-ші жартыжылдығы
28	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін корпоративтік табыс салығының түсімдерін облыстық деңгейге беру мәселесін қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині	2014 жылғы желтоқсан
29	Даму бюджеті шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттер арасында қаржыландыру салаларының аражігін ажырату жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ЭБЖМ, ӨДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2014 жылғы маусым

Ескертпе: аббревиатуралардың таратылып жазылуы:

ҰБ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	– «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	– «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
ББӨ	– бюджеттік бағдарламалар әкімшілері
МБҚ	– мемлекеттік бағалы қағаздар
МЖӨ	– мемлекеттік-жекешелік әріптестік

Қаржымині	– Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ӨДМ	– Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі
ИЖТМ	– Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ЭБЖМ	– Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ЖАО	– жергілікті атқарушы органдар
ӘӘДБ	– Қазақстан Республикасының бесжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы
МҚІСҚА	– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
ДСӘДМ	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
Энергетикамині	- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
ИДМ	- Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
ҰЭМ	- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ